

**"Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 514 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 24 шілдеде № 19080 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жеңіл автокөлік құралдарын қоспағанда, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік ететін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын өңдеуге және оларды таксимен тасымалдаушының орындауына, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді және (немесе) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасын қолдана отырып беруге арналған, Қазақстан Республикасының дара кәсіпкері немесе заңды тұлғасы болып табылатын тасымалдаушы немесе өзге де тұлға құратын қызмет;

3) багаж түбіртегі – багажды автомобильмен тасымалдау шартының жасалғанын, сондай-ақ тасымалдаушының багажды сақтауға немесе тасымалдау үшін қабылдағанын растайтын құжат;

4) багажды автомобиль – жолаушылар мен жүкті тұрақты автомобильмен тасымалдау маршруттарында жолаушылардың багаждарын (жүктерін) тасымалдауға арналған жүк автомобилі;

5) борт журналы – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленген және тігілген, тасымалдаушының мөрімен бекітілген жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралында болатын журнал, оған автокөлік құралының рейс алдындағы техникалық тексеруден және жүргізушінің рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық куәландырудан өткені туралы белгілер қойылады;

6) диспетчерлік жүйе – келісілген маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының қозғалысы туралы нақты уақыт режимінде үздіксіз ақпарат алуға мүмкіндік беретін жүйе;

7) диспетчерлік жүйе операторы – диспетчерлік жүйені ұйымдастыру және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлғалар;

8) жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері (аялдау пункті) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жайластырылған, жолаушыларды отырғызу және түсіру мақсатында автокөлік құралдарының аялдауына арналған жол бойындағы белдеу учаскесі;

9) жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу жолымен жолаушыны тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат;

10) қауіпті учаскелер – автомобиль жолдарының жүріп өткенде жол-көлік оқиғасы болуының жоғары қауіпі туындайтын немесе қозғалыс режимінің елеулі өзгерістеріне байланысты учаскелері;

11) қозғалыс кестесі – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршрутының әрбір аялдама пункті бойынша автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың қозғалыс орны мен уақыты туралы мәліметтерді қамтитын құжат (кесте, графикалық бейне);

12) қолмен жуу – автокөлік құралдарын су берудің жоғары қысымды аппараттарын, су жеткізу жүйелерін және (немесе) ыдыстардағы суды пайдалану арқылы қолмен жуу;

13) маршрут – автобустың, шағын автобустың, троллейбустың белгіленген бастапқы, аралық және соңғы аялдама пункттері арасында белгіленген жүретін жолы;

14) маршрут схемасы – аялдау пункттері, олардың ара қашықтықтары, сондай-ақ оларға тән бағдарлар (жол айрықтары, қиылыстар, теміржол өтпелері, көпірлер және тоннельдер) көрсетілген маршруттың графикалық шартты бейнеленуі;

15) механикаландырылған жуу – жуу құрамы және суды жеткізу үшін құрылғылармен, айналатын және (немесе) қозғалатын щеткалармен, сондай-ақ желдеткіш құрылғысымен жарақтандырылған арка үлгісіндегі ауыстырылатын тетіктерден тұратын автокөлік құралдарын автоматты жуу;

16) рейс – маршруттың бастапқы пунктiнен соңғы пунктiне дейiнгi автобустың, шағын автобустың, троллейбустың жолы;

17) спутниктік навигация аппаратурасы – көлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары бойынша оның ағымдағы орналасқан жерiн, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желiлерi бойынша ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;"

18) такси тасымалы – жеңiл автомобилмен жолаушылар және багажды ақылы немесе жалдау бойынша тасымалдау қызметi;

19) таксимен тасымалдаушы – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау жөнiндегi қызметтердi көрсететiн дара кәсiпкер немесе заңды тұлға;

20) таксиге тапсырыс берудiң мобильдiк қосымшасы – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және таксиге тапсырыс беруге және көлiк құралын экипажымен қоса жалға алуға ұялы байланыс қызметтерi немесе Интернет арқылы қолжетiмдiлiк берiлетiн бағдарламалық өнiм;

21) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын) есептеуге арналған құрылғы;

22) техникалық аялдама – автобустар мен шағын автобустардың жолаушыларды маршруттан түсiрудi және маршрутқа отырғызуды көздемейтiн аялдамасы.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұйымдастыру сипаты бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлiнедi.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жолаушылар мен багажды республикаiшiлiк тасымалдау әкiмшiлiк-аумақтық белгiлерiне қарай мынадай түрлерге бөлiнедi:

1) қалалық (ауылдық) – елдi мекеннiң белгiленген шекарасының шегiндегi тасымалдау;

2) қала маңындағы – елдi мекеннiң белгiленген шекарасынан бастап есептелетiн, ұзақтығы елу километрге дейiнгi қала маңындағы аймақтағы елдi мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданiшiлiк – бiр аудан шегiндегi елдi мекендердiң арасындағы тасымалдау;

4) ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) – бiр облыс шегiндегi, әртүрлi аудандардағы елдi мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалалармен елдi мекендердi жалғастыратын тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлi облыстардағы елдi мекендердiң арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елдi мекендердi жалғастыратын тасымалдау.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынастағы автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензияға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда, лицензияға қосымша қайта ресімдеуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3-8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Тұрақты емес тасымалдау жеке және заңды тұлғалардың бір жолғы тапсырысы (өтінімі) бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тасымалдауға: туристік, экскурсиялық, іс-шараларға қызмет көрсету жатады.

Бір жолғы тасымалдау белгілі бір кезең ішінде шарттық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 8-1, 8-2 және 8-3-тармақтарымен толықтырылсын:

"8-1. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, "D1" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "C" санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

"8-2. Жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындар он алтыдан астам болатын автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде үш жыл "D1" кіші санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

8-3. Жалпы пайдаланудағы көлік мүгедек жолаушылардың мініп-түсуіне арналған құрылғылармен жабдықталады.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Екі және одан да көп тасымалдаушылармен жаңа халықаралық маршруттарды ашуға бір уақытта өтінім беру кезінде, автобустың қозғалыс кестесінің айырмашылығы бойынша бастапқы және аралық пункттері ұзақтығы 250 км дейін 15 минуттан аз және 250 км асатын 1 сағаттан аз уақытты құраса, басымдылық осы қатынас түрінде көп тәжірибесі бар тасымалдаушыға беріледі.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарында өлшемі 60x40x20 см дейінгі және салмағы 20 кг аспайтын қол жүгін, сондай-ақ қабы бар бір жұп шаңғыны, бала арбасын немесе шанасын (автобустарда ғана) өзімен бірге тегін алып жүруге рұқсат етіледі.

34. Осы Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген көлем және салмақ өлшемдерінен асатын қол жүгі багажға жатады және автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобуска, шағын автобуска ілесіп жүретін багаж автомобилінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісім негізінде таксимен тасымалдануға тиіс.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық және қала маңы тұрақты тасымалдаудың маршруттарында жол жүру, багаж алып жүру төлемін жолаушы Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғылары арқылы сатуды қоса алғанда, қолма-қол ақшамен кондукторға (жүргізушіге) беру немесе жүру үшін электрондық төлеу жүйесі арқылы жасайды.";

45 және 45-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Қалалық (ауылдық) және қала маңын қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарында жол жүру және багажды алып жүру төлемін жолаушы маршруттың бастапқы пунктiнен сапарды жүзеге асыру кезінде автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пунктiнің кассасына, оның ішінде Интернет жүйесін қоса алғанда, электрондық сату арқылы немесе маршруттың аралық пунктінде отырғызу кезінде кондукторға (жүргізушіге) тарифке сәйкес төлейді.

45-1. Тасымалдаушылар электрондық диспетчерлеу жүйесін және электрондық төлеу жүйесін ұстау және қолдану талабын сақтауға тиіс.";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасы облыстарының шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдауын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.";

мынадай мазмұндағы 90-1-тармақпен толықтырылсын:

"90-1. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, жүктерді тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылмайды.";

162-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан, жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның (меншікті, жалға алынған немесе шарт бойынша қызмет көрсететін) болуы;"

170-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі талаптарына сәйкес жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан өнеркәсіптік-техникалық базаға құқық белгілейтін және құқықтық куәландыратын құжаттар, профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломның көшірмесін қоса бере отырып, медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;"

мынадай мазмұндағы 204-1-тармақпен толықтырылсын:

"204-1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес сапарды жүзеге асыру кезінде:

1) жол жүру құжаттарына қандай да болмасын түзетулер енгізуге;

2) автобустың, шағын автобустың салонында багаж алып жүруге;

3) темекі тартуға, қоқсытуға, спирт ішімдіктерін ішуге;

4) жүргізушіні әңгімемен алаңдатуға, сондай-ақ автобустың қозғалысы кезінде салон ішінде жүруге;

5) от қауіпті, жарылғыш, улағыш, жеңіл тұтанатын, улы, уытты және күлімсі иісті заттарды, құндағы және дәрімен атылатын ілеспе құжаттары жоқ қаруды, сондай-ақ жолаушыларға не автобус салонының жабдығына немесе жарағына залал (ластау немесе зақымдау) келтіруі мүмкін заттар мен бұйымдарды тасымалдауға жол берілмейді.";

10 - тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен жолаушыларды және багажды тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі";

207-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"207. Жолаушылар мен багажды тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен тасымалдаудың жүйелік сипаты бар және азаматтарды жұмыс, оқу орындарына жеткізу мақсатында, сондай-ақ туристік және экскурсиялық тасымалдауды жүзеге асыру үшін жүзеге асырылады.";

211-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"211. Қызметті көрсетуді бастағанға дейін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Хабарламаларды қабылдау қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 10194 болып тіркелген)

аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органына такси тасымалдаушысы ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама береді.

Таксимен жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қызметті хабарландыру тәртібінің талаптарын сақтамай жүзеге асыруға жол берілмейді.

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы такси тасымалдаушысы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастау туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді.

Таксимен тасымалдаушы тізілімнен шығару өтініш берушінің өтініші, соттың қызметіне тыйым салу туралы шешімі немесе такси тасымалдаушысымен осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындамауы бойынша жүргізеді.";

214-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"214. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы:

- 1) жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін түсі біркелкі және осы Қағидалардың 341-тармағына сәйкес айырым белгілері бар таксилерді пайдалануды;
  - 2) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық қарап тексеруден, такси жүргізушілерінің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өтуін;
  - 3) таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстыруды;
  - 4) жолаушының такси көрсететін қызмет құны (бағасы) туралы хабардар болуын;
  - 5) отыз және одан да көп такси болған кезде әрбір отыз таксиге шаққанда арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланатын мүгедектерді тасымалдау үшін ыңғайластырылған кем дегенде бір таксиінің болуын;
  - 6) такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауды;
  - 7) жол құжаттарын ресімдеуге қамтамасыз етеді.";
- мынадай мазмұндағы 214-1-тармақпен толықтырылсын:

"214-1. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының:

- 1) такси тұрағы, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған такси тұрақтарын пайдалануға;
- 2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуды және түсіруді жүргізуге;
- 3) ақпараттық-диспетчерлік қызметтің немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттың болуын қамтамасыз етуге;
- 4) автокөлік құралын таксометрмен жабдықтауға;
- 5) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар.";

324-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдаудың тұрақты маршруттарында қолданылатын автобустар мен шағын автобустар тасымалдауды ұйымдастырушыға нақты уақыт режимінде ақпарат беретін спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықталады.";

342-тармақ алып тасталсын;

343-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"343. Таксидің салонында жолаушылар көретіндей жерде жүргізушінің фотосуреті бар, тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда) көрсетілген визит карточкасы, тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы және телефон нөмірі көрсетілген ақпараттық тақта орнатылады.";

394 және 395-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"394. Аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары әуежайларда, вокзалдарда, 1 және 2-санатты стационарлық сауда объектілерінде, сауда базарларында, театрларда, цирктерде, кинотеатрларда, мәдени-демалыс ұйымдарында (мәдениет және демалыс парктері), сондай-ақ алаңдарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда такси тұрақтарын ұйымдастыруды және жабдықтауды қамтамасыз етеді.

395. Такси тұрақтары басқа автомобильдердің тұрақтарынан арнайы шектеу сызықтарымен немесе қоршаумен бөлінеді және жергілікті атқарушы органдардың ӘПК-мен келісімі бойынша "Жеңіл такси тұрағының орны" 5-14 жол белгісімен белгіленеді.";

399-тармақ алып тасталсын;

401-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"401. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге де тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген, оның ішінде таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы арқылы жасалған автокөлік құралын экипажымен қоса жалға алу шарты бойынша таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасады және таксимен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде таксимен тасымалдаушы осы Қағидалардың 214-тармақтың 3) және 6) тармақшаларының талаптарын орындаған жағдайда, өз қызметтерін көрсетеді.

Таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтер рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде орналастырылады.";

402-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



"402. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге де тұлға құрған ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі клиенттерінің тапсырысының және оларды такси жүргізушісіне берудің есебін қағаз немесе электрондық нысанда жүргізеді.";

8-қосымшаның 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның (меншікті, жалға алынған немесе қызмет көрсету шарт бойынша жүргізілетін болады), оның ішінде техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу кешендері бар өндірістік корпустардың, қойма үй-жайларының, автотұрақтардың, жинау-жуу кешендерінің, бақылау-техникалық пункттерінің, әкімшілік ғимараттардың және тұрмыстық корпустардың болуы туралы мәліметтер."

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

*Р. Склад*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

2019 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

2019 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ